

Қорытынды ЭССЕ- ЕМТИХАН

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ ТАРИХЫ ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЭССЕ- ЕМТИХАННЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ 3 кредит

бакалавриат, 3 курс, к/б

Дәріскер:

Ғабитов Тұрсын Хафизұлы, филос.ғ.д., дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры

e-mail: tursungabitov@mail.ru, каб.: 403; 8 7081102965

Қорытынды емтихан семестр аясында қарастырылған барлық тақырыптарды қамтиды және де қосымша тапсырмалар бойынша берілген сұрақтар негізінде эссе арқылы жүргізіледі

Қорытынды емтиханға шығарылатын оқу тақырыптары силлабусқа сәйкес келтіріледі және дәріс, семинар мен өзіндік жұмыс тақырыптарын қамтиды. Қажеті бар жағдайда аталған нысандарды қарауға болады. Қорытынды емтихан эссе түрінде қабылданады. Эссенің орындалатын тақырыптары «Универ» жүйесіне алдын ала жүктеледі. Емтиханның мақсаты: бакалавриатта алған білімдерін, дағдыларын толықтыру мақсатында және бакалавриат бағдарламасында нақты білімдерін нақтылау үшін арналған бағдарлама болып табылады. Бағдарлама студенттерге негізгі фундаментальді оқу жоспарына және мәдениеттанудың типтік бағдарламасына сәйкес келеді.

Эссенің құрылымы: кіріспе, теориялық баяндама, тарихи мысалдар, өзіндік тәжірибе.

Студент тақырыпқа байланысты **қосымша материалдарды** жүктей алады. Жазбаша жауап пен қосымша материалдар **антиплагиатпен** тексеріледі **және 2 мүмкіндік** беріледі.

Эссенің көлемі : 5-8 беттер

Эссе орындаудағы басты талаптар:

- Эссе шығармашыл сипатта көркемдік элементтері бар жатық тілмен орындалуы қажет.
- Эссенің мазмұны тек теориялық мәселерді емес, еліміздегі мәдени туризмді өркендетуге қатысты болуы керек.
- Әрбір студент эссені жеке оқшауланған жағдайда орындап, университеттің «Қашықтан оқыту» жүйесіне жүктеуі міндет
- Эссенің анықталған және бекітілген тақырыптары емтиханның алдында . «Қашықтан оқыту» жүйесі арқылы жүктеледі.

Дедлайн

Емтихан форматы: docx

Эссе- Емтиханға дайындалуға арналған сұрақтардың шамалас тізімі

--	--	--

1 вариант

1. Батыс құндылықтарының қазақ мәдениетіне ықпалын анықтаңыз.
 2. Қазіргі замандағы корпоративті этиканың қажеттілігін негіздеңіз
 3. Қазіргі өркениеттегі алғашқы қауымдық мәдениеттің іздеріне суреттеме беріңіз.
 4. Қазақстандағы өнердің жаңа түрлері мен жанрларын кестелік әдіспен салыстырыңыз
 5. Қазақ мәдениеті дәстүріне және жаңалықтарына салыстырмалы талдау беріңіз
 6. Ақындардың және жыраулардың философиялық мағынасын ашып көрсетіңіз
 - 7 Орхон-Енисей жазбаларының мәдени мұрасын кестелік әдіспен салыстырыңыз
 - 8 Алтын Орда мәдениетін кестелік әдіспен салыстырыңыз
 - 9 Қазақстан аумағындағы шаруашылық мәдени түрлерін кестелік әдіспен салыстырыңыз
 - 10 Әлемдік өркениеттегі түрік мәдениетінің рөлін айқындаңыз
 - 11 Қазақ мәдениет типологиясын топтастырыңыз
 - 12 Түрік мәдениетінде нанымдардың пайда болу және таралу ерекшелігін айқындаңыз
 - 13 Кеңес Одағы кезіндегі қазақ мәдениеті типтерін кестелік әдіспен салыстырыңыз
 - 14 О.Сүлейменовтың Қорқыт туралы тұжырымдамасын компаративистикалық кестемен сипаттаңыз
 - 15 Ұлы даладағы номадтық тұжырымдамаларды кросс-мәдени тәсілмен мағыналарын ашып көрсетіңіз
 16. Абайдың «Қара сөздерін» және олардың моралдық мәнін кестелік түрде келтіріңіз
 - 17.Ежелгі түріктердің космогониялары және мифологиялары белгілерін кросс-мәдени тәсілмен мағыналарын ашып көрсетіңіз
 18. Қазақ мәдениетіне Ислам Ренессансының ықпалын компаративистикалық кестемен сипаттаңыз
 - 19.Қазақ мәдениеті тарихының ғылым ретінде қалыптасуын сипаттаңыз.
 - 20Қазақ мәдениеті тарихының типологиялық сипаттамасын көрсетіңіз.
 - 21 Көшпенділердің космологиялық түсініктеріне семантикалық түсіндірме жасаңыз.
 - 22.«Қайта өрлеу» түсінігінің мәдениеттанулық мәнін және Орталық Азиядағы көрінісін ашып беріңіз.
 - 23 Қазақстандағы ағартушылық мәдениеттің қалыптасу ерекшеліктерін көрсетіңіз.
 - 24 Көшпенділердің космологиялық түсініктеріне семантикалық негіздеме жасаңыз.
 - 25 Суфизмді ислам мәдениетінің феномені ретінде анықтаңыз.
 - 26 Қазақтардың көшпенді мәдениетіндегі шаманизм рөлін көрсетіңіз.
 - 27 Адамдық құндылықтар мен жаһандық мәселелерді сипаттап, мағынасын ашып беріңіз
 - 28 Қазақстандағы модерн және постмодерн. Олардың ерекше айырмашылықтарын көрсетіңіз.
 - 29 Сұхбат адамдардың бірлескен тіршілігінің антитоталитарлық формасы ретінде сипаттап беріңіз.
 - 30 Қазақстан Республикасының мәдени ерекшеліктерін бөліп көрсетіңіз
- Қазіргі мәдениет философиясының проблемасын, мәдени философиялық өзгешеліктерін ашып көрсетіңіз
31. Зар-заман ақындардың және жыраулардың рөлін және орнын айқындаңыз

32 Қазақ мәдениеті архетипін дәлелдеңіз

33 Қазіргі замандағы дәстүрлі этикалық құндылықтарды тәрбиемен ұштастыратын мәселелерді кестелік тәсілмен суреттеңіз.